

Қостанай спирт зауытының құрылысын аяқтау және іске қосу жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 29 қаңтар N 116. Күші жойылды - ҚРҮ-нің 1997.04.23. N 647 қаулысымен. ~P970647

Құрылысын аяқтау, инвестициялардың түсуін қамтамасыз ету, озық технологиялар мен осы заманғы басқару әдістері деңгейінде спирт өндірісін ұйымдастыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің және "Тағам" акционерлік қоғамының Қостанай спирт зауытының құрылысын аяқтау және кейін жекешелендіріп, соның ішінде Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетінің бақылауымен ашық аукционда басқа инвесторларды тартып, оған басқаруға беру жөніндегі ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті:

"Тағам" акционерлік компаниясымен осы қаулы қабылданған дейін жасалған шарттар бойынша қаржы мәселелерін реттеуді қоса алғанда, онда оның құрылысын аяқтап, өндірістік қызметін басқару жөніндегі "Тағам" акционерлік қоғамының міндеттемесі қарастырылып, Қостанай спирт зауытын басқару құқына контракт жасасын;

"Тағам" акционерлік қоғамының Қостанай спирт зауытын басқару құқығына шарттарын орындауына бақылауды жүзеге асыру, сондай-ақ осы қаулыны орындау бойынша мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру жөніндегі Үкімет өкілін айқындасын. Үкіметке 1996 жылдың сәуірі мен шілдесінде баяндалсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі